

**«Ұлағат»
әкелер кеңесінің ережесі**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Бұл ереже Қарағанды қаласындағы №66 мектеп-лицейінде «Ұлағат» әкелер кеңесінің (бұдан әрі – Кеңес) қызметін ұйымдастыру тәртібін, құрылымын және негізгі жұмыс бағыттарын анықтайды.
- 1.2. Кеңес – мектеп, отбасы және оқушы арасындағы серіктестікті нығайтатын, отбасы тәрбиесінің беделін көтеретін, әкелердің тәрбиелік рөлін арттыруға бағытталған қоғамдық бастама негізінде құрылған ұйым.
- 1.3. Кеңес «Ұлағат» әкелер мектебі жобасының аясында жұмыс істейді және мектеп әкімшілігімен, сынып жетекшілерімен, ата-аналар комитетімен тығыз байланыста әрекет етеді.
- 1.4. Кеңестің жұмысы ерікті, қоғамдық және ұжымдық қағидаларға сүйенеді.

2. Кеңестің мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты:

Мектеп-лицейде отбасы құндылықтарын дәріптеу, әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту және мектеп, отбасы, оқушы арасындағы үштік байланысты нығайту.

2.2. Міндеттері:

- «Отбасы – мектеп – бала» байланысын дамыту;
- Үлгілі әкелер мен отбасылар тәжірибесін тарату;
- Ұлттық салт-дәстүрді, әке тәрбиесін насихаттау;
- Әкелер мен педагогтер арасында серіктестік орнату;
- Мектептің тәрбиелік іс-шараларына қолдау көрсету.

3. Кеңестің құрылымы мен басқарылуы

- 3.1. Кеңес құрамына мектеп оқушыларының әкелері, аталары, ерікті қамқоршылары қатыса алады.
- 3.2. Кеңес мүшелері жалпы жиналыс арқылы Төрағаны және Хатшыны сайлайды.
- 3.3. Кеңестің қызметін мектеп директоры немесе директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары үйлестіреді.
- 3.4. Кеңес отырыстары тоқсан сайын өткізіледі, қажет жағдайда қосымша отырыстар ұйымдастырылады.
- 3.5. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады және мектептің тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес орындалады.

4. Кеңестің негізгі қызмет бағыттары

4.1 Тәрбиелік бағыт:

Ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрге негізделген іс-шаралар өткізу (кештер, сайыстар, шеберлік сабақтары, театрландырылған қойылымдар және т.б.);

4.2. Білім беру бағыты:

Оқушылардың құқықтық және кәсіптік бағдарын жетілдіру; әкелермен бірігіп кітап оқу, сұхбат, дебаттар ұйымдастыру;

4.3. Мәдени және спорттық бағыт:

«Жігітке жеті өнер де аз», «Жігіт сұлтаны» сайысы, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар, әке мен бала арасындағы жарыстар өткізу;

4.3. Қоғамдық байланыс:

Әлеуметтік желілерде бейнеролик, мақалалар жариялау; «Ең ерекше әке», «Менің әкем – менің батырым» челленджерін өткізу;

5. Жобалық қызмет:

«Өнегелі өмір» жобасы аясында елге танымал тұлғалармен кездесу ұйымдастыру.

5. Кеңестің құқықтары мен міндеттері

5.1. Кеңес құқықты:

- Мектептің тәрбие жұмысына қатысуға және ұсыныс білдіруге;
- Әкелерді түрлі бағыттағы қоғамдық жұмыстарға тартуға;
- Мектептің ішкі іс-шараларына ұйымдастырушылық көмек көрсетуге;
- Қоғамдық ұйымдармен және БАҚ-пен бірлесіп жобалар жүргізуге.

5.2. Кеңес мүшелерінің міндеттері:

- Әдептілік пен үлгілі мінез-құлық арқылы баласына өнеге көрсету;
- Тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысу;
- Мектеппен, педагогикалық ұжыммен тығыз байланыста болу;
- Ұлттық құндылықтарды сақтау және насихаттау.